

Қазақстан Республикасы экология және  
табиғи ресурстар министрлігі



«Қазгидромет» РМК

**2025 ж. «11» шілде күніне арналған**

**Қазақстан Республикасының таулы аймақтары бойынша жауын-шашындық генезисі  
бар сел қаупінің күнделікті бюллетені №47**

**(Бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2025 жылғы 10 шілде сағат 20:00-ден 11 шілде сағат 20:00-ге дейін)**

***құрастырылған күні: 10.07.2025 ж.***

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32  
Астана қ., Мәңгілік ел,

Сел үдерістерін зерттеу және  
селді болжау басқармасының  
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Сүгірәлі Н.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «11» шілде

## Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

| Облыстар  | Сел қауіп бар аудандар | Гидрометеорологиялық жағдай                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-----------|------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алматы    | Іле Алатауы            | Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 4048 м биіктікте болды. Есептелген нөлдік изотерма таңғы сағат 14-те 3567 м биіктікте болды. Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,6-2,0 °С, орташа түнгі 1,0-2,4 °С. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, мұздықтардың еруі мардымсыз. Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. Іле Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды және ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериялды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. <b>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b> |
|           | Күнгей Алатауы         | Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,5 °С, орташа түнгі 1,9 °С. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, мұздықтардың еруі мардымсыз. Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. <b>Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Күнгей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|           | Теріскей Алатау        | Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 0,7 °С, орташа түнгі 2,7 °С. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, мұздықтардың еруі мардымсыз. Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. <b>Қарқынды ұзаққа созылған жауын-шашын кезінде Теріскей Алатауында селдердің қалыптасуы мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Жетісу    | Жетісу Алатауы         | Жетісу Алатауында солтүстік-батыс бөлігінде ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 3,0 °С, орташа түнгі 0,9 °С; батыс бөлігінде ауа температурасы өсті, орташа тәуліктік 0,1 °С, орташа түнгі 1,1 °С. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), найзағай, бұршақ. <b>Жетісу Алатауында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| Жамбыл    | Қырғыз Алатауы         | Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,2 °С, орташа түнгі 1,4 °С. Өзендердегі су деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалмайды. Кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|           | Талас Алатауы          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Түркістан | Талас Алатауы          | Ауа температурасы төмендеді, орташа тәуліктік 1,2 °С, орташа түнгі 0,9 °С. Ауа температурасы салыстырмалы түрде төмен болғандықтан, мұздықтардың еруі мардымсыз. Жауын-шашынсыз болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|           | Өгем жотасы            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |

|                 |                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-----------------|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Маңғыстау       | Маңғыстау таулары  | Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,3 °С төмендеді, орташа түнгі 2,1 °С өсті. Жауын-шашынсыз болады. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                                                                                                                           |
| Абай            | Тарбағатай         | Ауа температурасы өсті, орташа тәуліктік 1,2 °С, орташа түнгі 1,5 °С. Жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-17 мм), күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. <b>Тарбағатайда қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b>                                                  |
| Шығыс Қазақстан | Сауыр              | Ауа температурасы аздап өзгерді, орташа тәуліктік температура 0,6 °С төмендеді, орташа түнгі температура 0,6 °С жоғарылады. Таңертең және күндіз жаңбыр (1-10 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.                                                                                                        |
|                 | Қазақстандық Алтай | Ауа температурасы өсті, орташа тәуліктік 1,1-2,5 °С, орташа түнгі 2,3-3,0 °С. Түнде кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-16 мм), бұршақ, дауыл. <b>Қазақстанның Алтай тауларында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</b> |

**Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)**

**!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)**

## Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

| Сел қауіптілігінің деңгейлері                                                       | Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар                                                                                                                                                                           | Селдің қалыптасу ықтималдығы                                                                                                         | Қауіптілік дәрежесі                                                            | Қорғау шаралары                                                                                                              |
|-------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері $\geq 30$ мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері $\geq 40$ мм | Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы ( $\geq 40$ мм) | Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп                                | Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.                                                                      |
|    | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)                                                                  | Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның ( $\geq 40$ мм) жауу ықтималдығы                                                 | Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп                        | Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.                                                                      |
|   | Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)                                                | Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның ( $\geq 40$ мм) жауу ықтималдығы                                                 | Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп | Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.                                                                       |
|  | Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.                                                                                                                                             | Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ                                                                                                      | Қауіптілік жоқ                                                                 | Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу |

## **Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

### **Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері**

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

### **Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері**

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «11» шілдеге  
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

|                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Іле Алатау                         | <p>Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, екпіні 15-20 м/с.</p> <p><b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 12-17 градус жылы.</p> <p><b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 7-12 градус жылы.</p> |
| Күнгей Алатау                      | <p>Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, екпіні 15-20 м/с.</p> <p>Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 13-18 градус жылы.</p>                                                                                            |
| Теріскей Алатау                    | <p>Жаңбыр, түнде кей жерлерде қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақытта найзағай, дауыл, күндіз бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, екпіні 15-20 м/с.</p> <p>Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 13-18 градус жылы.</p>                                                                                            |
| Жетісу Алатау                      | <p>Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-20 мм), найзағай, бұршақ. Оңтүстік-батыстан жел соғады 9-14 м/с.</p> <p><b>2000 м:</b> Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 14-19 градус жылы.</p> <p><b>3000 м:</b> Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 12-14 градус жылы.</p>                                                 |
| Қырғыз Алатау                      | <p>Кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 20-25 градус жылы.</p>                                                                                                                               |
| Талас Алатау<br>(Жамбыл облысы)    | <p>Кей жерлерде жаңбыр (1-7 мм), найзағай, бұршақ, дауыл. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 20-25 градус жылы.</p>                                                                                                                               |
| Талас Алатау<br>(Түркістан облысы) | <p>Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 20-25 градус жылы.</p>                                                                                                                                                                                   |
| Өгем жотасы                        | <p>Жауын-шашынсыз болады. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 22-27 градус жылы.</p>                                                                                                                                                                                  |
| Маңғыстау таулары                  | <p>Жауын-шашынсыз. Жел оңтүстік-шығыстан, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 22-27 жылы, күндіз 37-42 градус қатты ыстық.</p>                                                                                                                                                                                     |
| Сауыр                              | <p>Таңертең және күндіз жаңбыр (1-10 мм), найзағай, кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жел батыстан, солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, таңертең және күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, кей жерлерде 7, күндіз 20-25, кей жерлерде 15 градус жылы.</p>                                        |
| Тарбағатай                         | <p>Жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-17 мм), күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жел солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, күндіз екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, кей жерлерде 20, күндіз 23-28, кей жерлерде 20 градус жылы.</p>                                     |
| Қазақстандық<br>Алтай              | <p>Түнде кей жерлерде жаңбыр, найзағай, күндіз жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-16 мм), бұршақ, дауыл. Жел батыстан, солтүстік-батыстан соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 13-18, кей жерлерде 8, күндіз 17-22, кей жерлерде 26 градус жылы.</p>    |